

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Геология комитеті туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Жауапты хатшысының 2019 жылғы 1 тамыздағы № 7-Ө бұйрығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 14 наурыздағы № 152 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 14.03.2023 № 152 бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Экология, геология және
табиғи ресурстар министрі

М.Мырзагалиев
2019 жылғы "___" __

"Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 5 шілдедегі № 479 қаулысына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 27 шілдедегі № 372 Жарлығымен бекітілген Жауапты хатшының өкілеттіктерінің 1-тарамағы 6) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Геология комитеті туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Геология комитеті:

1) осы бұйрық көшірмесін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды

3) осы басқа да қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болатын Ереженің 16-тармағы (32), (33), (46) және (62) тармақшаларын, сондай-ақ 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болатын (67) тармақшасын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жаупты хатшы

C. Нұрлыбай

Қазақстан Республикасы
Экология, геология және
табиғи ресурстар министрлігінің
Жаупты хатшысының
2019 жылғы 1 тамыздағы
№ 7-Ө бұйрығымен бекітілген

"Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Геология комитеті туралы" Ережесі

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің 24.02.2021 № 45-п бұйрығымен.

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Геология комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Комитет) реттеу, іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асыратын, сондай-ақ мемлекеттік геологиялық зерделеу, минералдық-шикізат базасын өндіру салаларындағы Министрліктің стратегиялық функцияларын орындауға қатысатын Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің (бұдан әрі - Министрлік) ведомствосы болып табылады.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеменің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанындағы, Министрлікке ведомстволық бағынысты заңды тұлғасы болып табылады, мемлекеттік тілде өзінің атауы, мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

4. Комитет өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түседі.

5. Комитет егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Комитет өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Комитет төрағасының бүйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Комитеттің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің келісімі бойынша Министрліктің аппарат басшысы бекітеді.

8. Комитеттің занды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, "Сарыарқа" ауданы, Әзіrbайжан Мәмбетов көшесі, 32-үй.

9. Комитеттің толық атауы – "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Геология комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Комитеттің осы Ереженің 1 және 2-қосымшаларына сәйкес ведомстволық бағынысты ұйымдары және аумақтық органдар бар.

11. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

12. Комитет қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

Комитетке Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілген жағдайда, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тaraу. Негізгі функциялары, құқықтары мен міндеттері

13. Миссиясы: еліміздің барлық өндірістік салаларын белсенді дамыту үшін минералдық-шикізат базасын толықтыру мақсатында Қазақстан аумағының геологиялық зерделенуін арттыру.

14. Міндет: мемлекеттік геологиялық зерделеу, минералдық-шикізат базасын өндіру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру.

15. Функциялары:

1) ведомствоның құзыреті шегінде реттеу, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыру және Министрліктің стратегиялық функцияларын орындауға қатысу;

2) адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда, ведомствоның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша және Министрдің бүйрықтарында оларды бекіту бойынша тікелей құзыреті болған кезде нормативтік құқықтық актілерді бекіту;

3) өз құзыреті шегінде халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;

4) Қазақстан Республикасының жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру саласындағы зандары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің сақталуын қамтамасыз ету;

5) өз құзыреті шегінде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жоспарлау және өткізу бойынша ведомствоның бағынысты үйымдардың қызметіне басшылық ету;

6) ұлттық қауіпсіздік саласындағы зандар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің сақталуын қамтамасыз ету;

7) өз құзыреті шегінде техникалық регламенттер әзірлеу бойынша жұмысты үйымдастыру;

8) Қазақстан Республикасының пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссияның қызметін Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 15 мамырдағы № 330 Әділет министрлігінде 2018 жылғы 31 мамырда № 16970 болып тіркелген бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссиясы туралы ережеге сәйкес үйымдастыру;

9) кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган айқындастын тәртіппен Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 82-бабының 3-тармағында көзделген әзірленетін құжаттардың жобаларына қатысты реттеушілік әсерді талдау;

10) жүргізілген реттеушілік әсерді талдаудың нәтижесін Министрліктің ресми интернет-ресурсында орналастыру;

11) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 132-бабының 2-тармағына сәйкес тексерілетін субъектілер қызметінің Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген талаптарға сәйкестігін бақылауды және тексеруді жүзеге асыру;

12) тиісті салада мемлекеттік бақылау және қадағалау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

13) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының 2 және 3-тармақтарында, 143-бабының 1-тармағында көзделген нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ тексерулер жүргізудің жартышылдық кестелерін әзірлеу;

14) Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүргізу;

15) мемлекеттік бақылау және қадағалау тиімділігінің мониторингін жүргізу;

16) мемлекеттік бақылау және қадағалау жүргізуді жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

17) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заннамасына сәйкес

лицензиялануға жататын қызметтің немесе іс-қимылдың жекелеген түрлерін лицензиялауды жүзеге асыру;

18) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша мемлекеттік акциялар пакетіне (жарғылық капиталдағы қатысу үлесі) иелік ету және пайдалану құқығын, сондай-ақ республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелерге қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылық ету жөніндегі уәкілетті органның функцияларын жүзеге асыру;

19) өз құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, келісу және бекіту;

20) Қазақстан Республикасының атынан жасалатын Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бойынша міндеттемелерді орындау;

21) мемлекеттің меншігіндегі, сондай-ақ оның иеленуі мен пайдалануындағы геологиялық ақпаратты есепке алу, сақтау, жүйеге келтіру, жинақтап қорыту және беру;

22) геологиялық барлау кезеңділігінің қағидаларын әзірлеу;

23) пайдалы қазбалар жатқан аумақтарда құрылымын салуға рұқсат беру қағидаларын әзірлеу;

24) мемлекеттің меншігіндегі, сондай-ақ оның иеленуі мен пайдалануындағы геологиялық ақпаратты есепке алу, сақтау, жүйеге келтіру, жинақтап қорыту және беру қағидаларын әзірлеу;

25) жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу нәтижесінде алғынған геологиялық ақпаратты және оның жеткізгіштерін сақтау және есепке алу қағидаларын әзірлеу;

26) геологиялық есептің мемлекеттік сараптамасын жүргізу қағидаларын әзірлеу;

27) жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауын геологиялық зерттеуге арналған лицензиялар және жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензиялар шарттарын сақтауын бақылау;

28) мемлекеттік жер қойнауы қорын басқару бағдарламасын әзірлеуге қатысу;

29) жер қойнауын геологиялық зерттеуге арналған лицензияларды беруге етініштерді беру және қарау қағидаларын әзірлеу;

30) жер қойнауының мемлекеттік сараптама жүргізу қағидаларын, Жер қойнауының мемлекеттік сараптама комиссиясы туралы ережені әзірлеу;

31) тарихи шығындардың мөлшерін, геологиялық ақпараттың құнын және алу шартын айқындау;

32) Қазақстан Республикасының пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы ережені әзірлеу;

Ескеरту. 32) тармақша 01.01.2024 дейін қолданылады – осы бұйрықтың 4-тармағымен.

33) қорлар жөніндегі өніраалық комиссиялар туралы ережені әзірлеу;

Ескеरту. 33) тармақша 01.01.2024 дейін қолданылады – осы бұйрықтың 4-тармағымен.

34) жер қойнауын геологиялық зерттеу бойынша жобалау құжаттарын жасау жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу;

35) жер қойнауы кеңістігін пайдалану жобасын жасау жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу;

36) кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда, геологиялық және тау-кен бөлінісін беру;

37) мемлекеттік жер қойнауы қорының бірыңғай кадастрын жүргізу;

38) геологиялық есептің нысанын әзірлеу;

39) пайдалануға берілетін жер қойнауы участкерінің шекараларын айқындау, геологиялық ақпаратты пайдалану және 2017 жылғы 27 желтоқсандағы "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде көзделген басқа да мәселелер бойынша құзыретті органмен өзара іс-қимыл жасау және үйлестіру;

40) геологиялық есептің мемлекеттік сараптамасын ұйымдастыру және жүргізу;

41) жерасты сулары бөлігінде мемлекеттік су кадастрын жүргізуге қатысу;

42) қатты пайдалы қазбаларды барлау және өндіру, кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде ұсынылатын жер қойнауын пайдаланушылардың, сонымен қатар жер асты сулары, емдік балшықтарды барлау және (немесе) өндіру, барлау және (немесе) өндіруге байланысты емес құрылыш және (немесе) жер асты құрылышын пайдалану есептерің жинақтау және жиынтық ақпарат дайындау.;

43) жеке және занды тұлғалар жүргізетін су обьектілерінің сарқылуын болғызбауға бағытталған су қорғау іс-шараларын келісу;

44) су обьектілерінің жай-күйіне әсер ететін обьектілерді салуға, реконструкциялауға (кеңейту, жаңғыру, техникалық қайта жарақтандыру, қайта бейіндеу), пайдалануға, консервациялауға, жоюға (кейіннен кәдеге жарату) қорытындылар беру;

45) жер қойнауын геологиялық зерттеу және кеңістігін пайдалану үшін жер қойнауын пайдалану құқығын беру;

46) пайдалы қатты қазбалардың ресурстарын бағалау туралы есепте ресурстардың "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2010 жылғы

24 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 121-бабына сәйкес бұрын бекітілген өнеркәсіптік санаттар қорларының жиырма бес пайызынан астам емес азауы негізділігін растау;

Ескерту. 46) тармақша 01.01.2024 дейін қолданылады – осы бүйрықтың 4-тармағымен.

47) өтініш берілген жер қойнауы участкесінде кең таралған пайдалы қазбалар болып табылмайтын пайдалы қатты қазбалар ресурстарының жоқ екендігін немесе ресурстар перспективасының жоқ екендігін растайтын геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері туралы есептің мемлекеттік сараптама қорытындысын беру;

48) елді мекендерді, өнеркәсіп кешендерін және (немесе) басқа да шаруашылық объектілерін жобалауға және салуға облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдының жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органының аумақтық бөлімшелерімен келісу бойынша алдағы уақытта құрылым салынатын участке астындағы жер қойнауында пайдалы қазбалардың жоқ екендігі немесе олардың елеусіз екендігі туралы он қорытындысын келісу;

49) пайдалы қазбалар жатқан аумақтарда құрылым салуға облыстың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдының рұқсатын келісу;

50) жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу ұйымдастыру және жүргізу;

51) жер қойнауын геологиялық зерттеу және оның кеңістігін пайдалану жөніндегі операцияларды реттеу;

52) жер қойнауын геологиялық зерттеу, сондай-ақ оның кеңістігін пайдалану жөніндегі операцияларға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

53) жер қойнауын пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының геологиялық ақпаратты есепке алу, сақтау, оның сақталуы мен анықтығы жөніндегі талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

54) құпия болып табылмайтын геологиялық ақпаратқа, сондай-ақ жер қойнауын пайдалануға берілген лицензиялар туралы ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету;

55) жер қойнауын геологиялық зерттеу бойынша есептер нысандарын әзірлеу ;

56) тиісті координаттары мен жеке кодтары бар блоктарды сәйкестендіру картасын әзірлеу;

57) техногендік минералдық түзілімдерді орналастырудың қолданыстағы объектілерін мемлекеттік есепке алуды ұйымдастыру және жүргізу;

58) Мемлекеттік жер қойнауы қорының бірыңғай кадастрын енгізу және пайдалы қазбалар қорын мемлекеттік есепке алу бойынша ақпаратты ұсыну қағидаларын әзірлеу;

59) жер қойнауының мемлекеттік мониторингін, геологиялық ақпаратты жинауды және жинақтап қорытуды жүзеге асыру;

60) өздігінен ағып жататын иесіз және авариялық мұнай-газ ұнғымаларды жоюды және консервациялауды жүзеге асыру;

61) пайдалы қазбалар қорларын мемлекеттік есепке алу бойынша ақпаратты мемлекеттік органдарға ұсыну;

62) пайдалы қазбалар қорларының мемлекеттік балансын жүргізу;

Ескерту. 62) тармақша 01.01.2024 дейін қолданылады – осы бұйрықтың 4-тармағымен.

63) геологиялық ақпаратты жариялау немесе оған ашық қолжетімділік жасау арқылы ашып көрсету;

64) керндерді Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге әкетуге рұқсат беру;

65) Жер қойнауын пайдаланушылардың уәкілетті органға нормаланатын ысыраптар туралы деректерді ұсыну қағидаларын әзірлеу;

66) жер қойнауын пайдаланушының геологиялық ақпараттың сыйнамалар түріндегі табиғи жеткізгіштерін иеліктен шығаруы және (немесе) сыйнамаларды Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге әкетуге рұқсат беру;

67) жер қойнауын пайдаланушылар ұсынатын нормаланатын ысыраптар туралы деректер негізінде жүзеге асырылатын пайдалы қатты қазбаларды өндіру кезінде ысырапты есепке алу;

Ескерту. 67) тармақша 01.01.2023 дейін қолданылады – осы бұйрықтың 4-тармағымен.

68) ұнғымадан көмірсутектердің ағымын құжатпен растау арқылы алу, оның ішінде қабатты сыйнағышпен сыйнамалау жүргізген кезде және (немесе) мұнай-газдың мол болуына коллектор-жынысты зертханалық зерттеу кезінде растаған жаңа кенжатынның (кенжатындар жиынтығының) ашылуын растау;

69) келісімшарттың шарттарында барлау көзделген пайдалы қатты қазбалар кен орнының табылғанын растау (бағалауды талап ететін кен орнының табылғаны туралы қорытынды);

70) жер қойнауын геологиялық зерттеуге берілген лицензиялар бойынша жерасты суларына арналған іздестіру-бағалау жұмыстары жобаларына өзгерістерді келісу;

70-1) 2017 жылғы 27 желтоқсандағы "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған келісімшарттар бойынша уранды қоспағанда, пайдалы қатты

қазбаларды, сондай-ақ кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға және (немесе) өндіруге арналған келісімшарттар бойынша жұмыс тобы макұлдаған жұмыс бағдарламасының жобасын келісу;

71) жерасты сулары участеклері қорларының мемлекеттік сараптамасын ұйымдастыру және жүргізу;

72) жер қойнауын пайдаланушының балансына ұңғымаларды, технологиялық бірліктерді қабылдау және беру;

73) Жер қойнауының мемлекеттік мониторингін жүзеге асыру қағидаларын әзірлеу;

74) жер қойнауы кеңістігін пайдаланудың салдарын жою актісіне қол қою жөніндегі комиссияны құру;

75) жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу бойынша жұмыстарды жүргізуге арналған уақыт нормалары мен бағасын әзірлеу;

76) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілерінде және Министрдің бұйрықтарында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

16. Комитеттің құқықтары мен міндеттері:

Комитет құқықтары:

1) өз құзыреті шегінде бұйрықтарды шығару;

2) Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінен, мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан қажетті ақпарат пен материалдарды сұрау және алу;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

4) Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер, семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер, конкурстар және өзге шараларды өткізу;

5) қызметінің жетекшілік ететін бағыттары бойынша консультативтік-кеңесші органдарын (жұмыс топтарын, комиссияларды, кеңестерді) құру жөнінде ұсыныстар енгізу;

6) өз құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша сараптамаларға қатысу үшін тиісті мамандарды тарту;

7) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге құқықтарды жүзеге асыру.

Комитеттің міндеттері:

1) Комитетке жүктелген міндеттер мен функцияларды іске асыруды қамтамасыз ету;

2) өз құзыреті шегінде заңдарды және өзге нормативтік құқықтық актілерді, оның ішінде мемлекеттік құпияларды қорғау және заңмен қорғалатын жеке және заңды тұлғалардың мүдделері саласындағы заңдарды сақтауды қамтамасыз ету;

3) Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша түсініктемелер дайындау;

4) Комитет теңгеріміндегі мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз ету;

5) бухгалтерлік есепті жүргізу, бухгалтерлік және қаржылық есептілікті жасау және Министрлікке беру;

6) Комитетке бөлінген бюджеттік қаражатты толық, уақтылы және тиімді пайдалануды қамтамасыз ету;

7) мемлекеттік сатып алу рәсімдерін "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүргізу;

8) Қазақстан Республикасы заңдарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің сақталуын қамтамасыз ету;

9) Осы ережеге сәйкес Комитетке жүктелген функцияларды уақытылы және толық орындау.

3-тарау. Комитеттің қызметін үйлемдастыру

17. Комитет басшылығын төраға жүзеге асырады, Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуына және өз функцияларын оның жүзеге асыруына жауапты болады.

18. Комитетті Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің бұйрығымен қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын төраға басқарады.

19. Комитет төрағасының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Аппарат басшысының бұйрығымен лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары бар.

20. Комитет төрағасының өкілеттіктері:

1) өзінің құзыреті шегінде бұйрықтарға қол қояды;

2) заңнамаға сәйкес Комитет қызметкерлерін қызметке тағайындейді және қызметтен босатады (еңбек қатынастары мәселелері заңнамалық актілерге сәйкес жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың құзыретіне жатқызылған қызметкерлерді қоспағанда);

3) Министрліктің келісімі бойынша ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшыларын қызметке тағайындейді және қызметтен босатады;

4) ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшыларын және олардың орынбасарларын қызметке тағайындейді және қызметтен босатады;

5) Комитеттің ведомстволық бағынысты ұйымдары басшыларының ұсынымы бойынша филиалдардың директорларын және олардың орынбасарларын қызметке тағайындейді және қызметтен босатады;

6) аумақтық бөлімшелердің басшы орынбасарларын қызметке тағайындейді және қызметтен босатады;

7) Министрге аумақтық органдардың басшыларын тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы ұсыныстар енгізеді;

8) өзінің орынбасарларының, Комитеттің құрылымдық бөлімшелері, аумақтық органдары және ведомствоның бағынысты ұйымдары басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

9) өзінің құзыretі шегінде Комитетте сыйбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет жасауға бағытталған шаралар қолданады және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет жасау бойынша шаралар қолданылуы үшін дербес жауаптылықта болады;

10) Комитет қызметкерлерін (еңбек қатынастары мәселелері заңнамалық актілерге сәйкес жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың құзыretіне жатқызылған қызметкерлерді қоспағанда), сондай-ақ ведомствоның бағынысты ұйымдардың басшылары мен олардың орынбасарларын ынталандырады және оларға тәртіптік жаза қолданады;

11) аумақтық бөлімшелердің басшыларына іссапарға жіберу (шетелге іссапарға жіберуді қоспағанда), материалдық көмек көрсету, даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру, көтермелебеу, ұстемеақылар төлеу мәселелерін шешеді;

12) заңнамада белгіленген тәртіппен аумақтық органдардың басшылардың орынбасарларын, ведомствоның бағынысты ұйымдардың басшылары мен олардың орынбасарларын, сондай-ақ Комитет қызметкерлерін (еңбек қатынастары мәселелері заңнамалық актілерге сәйкес жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың құзыretіне жатқызылған қызметкерлерді қоспағанда) іссапарға жіберу, демалыс беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, ұстемеақылар төлеу және сыйақы беру мәселелерін шешеді;

13) құрылымдық бөлімшелердің ережелерін және өзінің құzіretі шегінде Комитеттің ведомствоның бағынысты ұйымдарының құрылтай құжаттарын, сондай-ақ Комитеттің қарамағындағы аумақтық органдардың ережелерін бекітеді ;

14) Комитет қызметкерлерінің, ведомствоның бағынысты ұйымдардың басшылары мен олардың орынбасарларының (еңбек қатынастары мәселелері заңнамалық актілерге сәйкес жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың құзыretіне жатқызылған қызметкерлерді қоспағанда) лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

15) Комитеттің ведомствоның бағынысты ұйымдарының құрылымы мен штат кестелерін келісімдейді;

16) реттелмелі салада мемлекеттік саясатты қалыптастыру жөнінде ұсыныстар тұжырымдайды;

17) аумақтық органдардың Комитетпен өзара іс-қимыл жасау құзыреті мен тәртібін айқындайды;

18) аумақтық органдар мен ведомстволық бағынысты үйымдар актілерінің күшін жояды немесе қолданылуын толық немесе ішінара тоқтатады;

19) мемлекеттік органдар мен өзге де үйымдарда сенімхатсыз Комитеттің өкілі болады;

20) Комитетте қаржы-шаруашылық қызметіне және мемлекеттік сатып алуды өткізуге жалпы басшылықты жүзеге асырады;

21) Қазақстан Республикасының заңдары мен Президентің актілеріне сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Комитет төрағасы болмаған кезде оның өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

21. Комитет төрағасының орынбасарларының өкілеттіктері:

1) өз өкілеттіктері шегінде Комитет қызметін үйлестіру;

2) төраға болмаған кезеңде Комитет қызметінің жалпы басшылығын жүзеге асыру;

3) Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес өзге қызметтерді жүзеге асыру.

4-тарау. Комитеттің мүлкі

22. Комитеттің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Комитеттің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. Комитетке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

24. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзге анықталмаса, Комитет өзіне бекітілген және оған қаржыландыру жоспары бойынша берілген қаражат есебінен сатып алған мүлікті дербес иелікten шыгаруға немесе өзге тәсілмен жеке өкілдік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Комитетті қайта үйымдастыру және тарату

25. Комитетті қайта үйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Комитетінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

- 1) "Қазгеоақпарат" республикалық геологиялық ақпарат орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
- 2) "Қазгеология" ұлттық геологиялық барлау компаниясы" акционерлік қоғамы.

Қазақстан Республикасы
Экология, геология және
табиғи ресурстар министрлігінің
Геология комитеті туралы
ережеге 2-қосымша

Комитеттің қарамағындағы аумақтық органдардың тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитетінің "Шығысқазжерқойнауы" Шығыс Қазақстан өңіраалық геология департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.
2. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитетінің "Батысқазжерқойнауы" Батыс Қазақстан өңіраалық геология департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.
3. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитетінің "Солтүстікқазжерқойнауы" Солтүстік Қазақстан өңіраалық геология департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.
4. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитетінің "Орталыққазжерқойнауы" Орталық Қазақстан өңіраалық геология департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.
5. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитетінің "Оңтүстікқазжерқойнауы" Оңтүстік Қазақстан өңіраалық геология департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.